

**Қостанай облысының әкімдігінің білім басқармасының  
«Арқалық политехникалық колледжі» КМҚК  
Сыбайлас жемқорлық туралы жиналыс  
ХАТТАМАСЫ**

**18.10.2024 жыл**

**Арқалық қаласы**

**Өткізу орны:** Арқалық политехникалық колледжі.

**Төрағалық етті:** Арқалық политехникалық колледжінің заңгері Байсариев Тәңірберген Қуандықұлы.

**Қатысқандар:** 21 адам.

**Күн тәртібінде:** Арқалық политехникалық колледжінің бөлім меңгерушілерінің қатысуымен Сыбайлас жемқорлық тақырыбында түсіндіру жұмысы жүргізілді.

**Сөз сөйледі:** Арқалық политехникалық колледжінің заңгері Байсариев Тәңірберген Қуандықұлы - Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «concupire» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды. Осы негізді ескере келе сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу қажет. Бөлім меңгерушілері әр бөлімнің қызметкерлерімен ішінара жұмыс жасауын қатаң тапсырамын.

**Қаулы етеді:**

Бөлім меңгерушілерінен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында қызметкерлермен түсіндірме жұмыстарын жүргізу жұмыстары тапсырылды.

**Жиналыс төрағасы**

**Т.Қ. Байсариев**

